«Эко» режимі (–16 °C) (B) 19

Электр қуаты сөндірілген кездегі жад функциясы 20

Ашық есік сигналын беру 20

Алмалы-салмалы есік сөрелері _____	20
Шыны сөрелер _____	20
Энергия үнемдеуге қатысты ұсыныстар _____	20

4

КҮТІМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

22

Күтім және тазалау _____	22
Ұзақ уақыт бойы пайдаланбау _____	23
Құрылғыны жылжыту _____	23

5

КЕРІ БАЙЛАНЫС

24

Ақауларды іздеу және жою _____	24
Электр қуатын беру кезіндегі үзілістер _____	26
Техникалық сипаттамалар _____	27
Кепілдік шарттары _____	28
Клиенттерді қолдау қызметі _____	29

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Шартты белгілер



Жалпы ақпарат және кеңестер



Назар аударыңыз – Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды ақпарат



Экологиялық ақпарат

Көдеге жарату



Бұйымдағы, керек-жарақтардағы немесе құжаттамадағы бұл таңбалау бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге көдеге жаратылмауы керектігін көрсетеді.

Қалдықтарды дұрыс көдеге жаратпау нәтижесінде қоршаған ортаға немесе адамдардың денсаулығына ықтимал зиян келтірмеу үшін осы бұйымдарды басқа қалдық түрлерінен бөліп, материалдық ресурстарды ұтымды қайта пайдалану мақсатында оларды тиісті түрде көдеге жаратыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жарақат ал немесе тұншығу қаупі!

Тоңазытқыш агенттер мен газдар арнайы көдеге жаратуды қажет етеді. Көдеге жаратар алдында тоңазытқыш агент контурындағы түтіктердің зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Құрылғыны электр қуат көзінен ажыратыңыз. Желілік кабельді кесіп, оны көдеге жаратыңыз. Балалар мен үй жануарларының құрылғының ішінде қамалып қалмауы үшін есік бекіткішін алып тастаңыз.

Құрылғыны бірінші рет қоспас бұрын төменде көрсетілген қауіпсіздік нұсқауларын міндетті түрде оқып шығыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Алғаш пайдаланар алдында

- ▶ Тасымалдау кезінде зақымданудың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- ▶ Барлық қаптамаларды алып тастаңыз және оны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- ▶ Орнатпас бұрын тоңазытқыш агент контурының максималды тиімділігін қамтамасыз ету үшін кемінде екі сағат күтіңіз.
- ▶ Құрылғының үлкен салмағына байланысты онымен барлық манипуляцияларды кем дегенде екі адам орындауы керек.

Орнату

- ▶ Құрылғыны жақсы желдетілетін жерге қою керек. Құрылғының үстінде және айналасында кемінде 10 см бос орын болу керек.
- ▶ Желдеткіш тесіктерін жаппаңыз.
- ▶ Құрылғыны ешқашан ылғалды жерлерде немесе оған су шашырауы мүмкін жерлерде орнатпаңыз. Шашыраған су мен дақтарды жұмсақ, таза шүберекпен сүртіңіз.
- ▶ Құрылғыны тікелей күн сәулесі түсетін аумаққа немесе жылу көздеріне (мысалы, пештерге, жылытқыштарға) жақын орнатпаңыз.
- ▶ Құрылғы оның өлшемі мен мақсатына сәйкес келетін жерде орнатылып, көлденеңінен туралануы керек.
- ▶ Құрылғының желдету саңылауларын жаппаңыз.
- ▶ Зауыттық тақтайшада көрсетілген электрлік сипаттамалар электрлік қуат көзінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Сәйкес келмеген жағдайда электриктен көмек сұраңыз.
- ▶ Құрылғы 220–240 В айнымалы ток, 50 Гц қуат көзінен жұмыс істейді. Кернеудің қалыптан тыс ауытқуы құрылғыны іске қосуға кедергі келтіруі немесе температура реттегіштің не компрессордың зақымдалуына, сондай-ақ жұмыс кезінде қалыптан тыс шудың пайда болуына әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда автоматты реттегіш орнату қажет.
- ▶ Қуат алу үшін жерге тұйықталған бөлек электр розеткасын пайдаланыңыз, оған еркін қол жеткізуге мүмкіндік беріңіз. Құрылғы міндетті түрде жерге тұйықталуы керек.
- ▶ Құрылғыны электр желісіне қосу үшін ұзартқыш сымдар мен көп розеткалы ауыстырғыштарды пайдаланбаңыз.
- ▶ Кабель мұздатқыш аяқтарының астына түспегеніне көз жеткізіңіз. Электрлік қуат көзінің кабелін баспаңыз.
- ▶ Тоңазытқыш агент контурына зақым келтірмеңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Күнделікті пайдалану

- ▶ Бұл құрылғыны 8 жастағы не одан асқан балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тиісті тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалардың (егер пайдалануы қадағаланса, құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулық берілсе және ықтимал қауіптерді түсінсе) пайдалануына рұқсат етіледі.
- ▶ 3 жасқа толмаған балалардың үнемі қараусыз құрылғыға жақын жерде жүруіне жол бермеңіз.
- ▶ Балаларға құрылғымен ойнауға тыйым салынады.
- ▶ Егер құрылғыға жақын жерде газ тәрізді тоңазытқыш агенттің немесе басқа тез тұтанғыш газдың аққаны байқалса, газ шығып жатқан құбырдың клапанын жауып, есік-терезені ашыңыз, тоңазытқыштың немесе басқа құрылғының электрлік қуат көзі кабелінің ашасын розеткадан шығармаңыз.
- ▶ Құрылғының белгілі бір қоршаған орта температурасы аралығында жұмыс істеуге реттелгенін ескеріңіз: 10°C-тан 43 °C-қа дейін. Көрсетілген аралықтан жоғары немесе төмен температурада ұзақ уақыт болу нәтижесінде жұмыста іркіліс болуы мүмкін.

- ▶ Заттардың құлауынан немесе сумен жанасқанда электр тогының соғуынан зақымдануды болдырмау үшін тоңазытқышқа тұрақсыз заттарды (ауыр заттар, сулы ыдыстар) қоймаңыз.
- ▶ Есіктерді тек тұтқалардан ашыңыз және жабыңыз. Есіктер мен құрылғы корпусы арасындағы саңылау өте тар. Сондықтан саусақтарыңызды қысып алмау үшін қолдарыңызды сол жерге тықпаңыз. Мұздатқыштың есігін ашпас немесе жаппас бұрын оны балаларға тигізбейтініңізге көз жеткізіңіз.
- ▶ Бұл құрылғыда немесе оған жақын жерде тез тұтанғыш, жарылу қаупі бар немесе коррозиялық материалдар сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
- ▶ Мұздатқышта дәрі-дәрмектерді, бактериологиялық немесе химиялық заттарды сақтамаңыз. Бұл құрылғы тұрмыста пайдалануға арналған. Онда температуралық режимді қатаң сақтауды қажет ететін материалдарды сақтау ұсынылмайды.
- ▶ 4 жұлдызды бөлімі жоқ салқындату режимінде: бұл құрылғы өнімдерді мұздатуға арналмаған; 4 жұлдызды бөлімі бар мұздату режимінде: бұл құрылғы өнімдерді салқындатуға арналмаған.
- ▶ Мұздатқышта ешқашан сұйықтықтары бар бөтелкелерді немесе қалайы банкаларды (спирттің жоғары пайыздық құрамы бар алкогольді сусындардан басқа) сақтамаңыз, әсіресе газдалған сусындарды, себебі олар мұздату кезінде жарылып кетуі мүмкін.
- ▶ Мұздатқыш камерасында температура көтерілсе, өнімдердің күйін тексеріңіз.
- ▶ Мұздатқыш камерасында тым төмен температураны орнатпаңыз. Бұның нәтижесінде бөтелкелер жарылып кетуі мүмкін.
- ▶ Мұздатылған өнімдерді дымқыл қолмен ұстамаңыз (қолғап киіңіз). Мұздатқыш камерасынан жеміс мұзын шығара салысымен, оны тамаққа қолданбаңыз. Ұсу қаупі бар. АЛҒАШҚЫ КӨМЕК: зардап шеккен аймақты дереу суық су ағынына қойыңыз. Жұлып алуға әрекеттенбеңіз!
- ▶ Мұздатқыш камерасының ішкі беттеріне жұмыс істеп тұрған кезде қолыңызды, әсіресе ылғал қолыңызды тигізбеңіз. Қолдар бетке қатып қалуы мүмкін.
- ▶ Қуатты беру үзілген жағдайда немесе тазалау алдында құрылғыны әрқашан электр желісінен ажыратыңыз. Құрылғыны қайта іске қоспас бұрын кем дегенде 5 минут күтіңіз, себебі жиі іске қосу компрессорға зақым келтіруі мүмкін.
- ▶ Ішкі бөліктерді тазалау кезінде электр аспаптары өндіруші ұсынған типке сәйкес келмесе, оларды пайдаланбаңыз.
- ▶ Жарықтандыру шамдары зақымдалған жағдайда оларды ауыстыруды өндіруші немесе уәкілетті сервистік орталықтың білікті маманы орындауы тиіс.



LED – Жарықдиодты шам

Қызмет көрсету және тазалау

- ▶ Балалар құрылғыны тек ересектердің бақылауымен тазалап, күтіп ұстай алады.
- ▶ Тұрақты техникалық қызмет көрсетуді бастамас бұрын құрылғыны электр розеткасынан ажыратыңыз. Құрылғыны қайта іске қоспас бұрын кем дегенде 5 минут күтіңіз, себебі жиі іске қосу компрессорға зақым келтіруі мүмкін.
- ▶ Құрылғыны розеткадан ажыратқанда кабельден емес, ашасынан ұстаңыз.
- ▶ Мұзды өткір заттармен шағуға болмайды. Пластикалық бөлшектерге зақым келтірмеу үшін аэрозольдерді, электр жылытқыштарды, шаш кептіргіштерді, бу тазалағыштарды және басқа жылу көздерін пайдаланбаңыз.
- ▶ Мұзын еріту процесін жылдамдату үшін дайындаушы ұсынғаннан басқа механикалық құрылғыларды немесе басқа құралдарды пайдаланбаңыз.
- ▶ Тазалау кезінде құрылғыға су шашпаңыз немесе оған су құймаңыз.
- ▶ Құрылғыны тазалау үшін су бүркімеңіз немесе буды пайдаланбаңыз.
- ▶ Жарақаттануды және электр тогының соғуын болдырмау үшін электрлік қуат көзінің зақымдалған кабелін тек өндіруші, сервистік орталықтың өкілі немесе ұқсас біліктілікке ие тұлға ауыстыруы керек.
- ▶ Құрылғыны өз бетіңізбен жөндеуге, бөлшектеуге немесе оның құрылымына өзгерістер енгізуге әрекеттенбеңіз. Қажет болса, сервистік қызметке хабарласыңыз.

Тоңазытқыш агент туралы ақпарат



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құрылғыда ИЗОБУТАН (R600a) тез тұтанғыш тоңазытқыш агенті бар. Тасымалдау немесе орнату кезінде тоңазытқыш агент контурының зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Тоңазытқыш агенттің ағып кетуі нәтижесінде көз жарақаты болуы немесе тоңазытқыш агент тұтануы мүмкін. Егер зақым орын алса, ашық от көздерін мұздатқышқа жақындатпаңыз, орынжайды мұқият желдетіңіз, мұздатқыштың немесе басқа құрылғының қуат кабельдерін қоспаңыз немесе ажыратпаңыз. Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. Егер тоңазытқыш агент көзге тиіп кетсе, оларды дереу ағын сумен жуып, офтальмологқа жүгініңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Жанғыш материалдың өртенуіне жол бермеу үшін абай болыңыз.
- ▶ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құрылғыны орнатқан кезде қуат сымының қысылып қалмағанына және зақымдалмағанына көз жеткізген жөн.
- ▶ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құрылғының артқы панеліне тасымалданатын розеткаларды немесе портативті қуат көздерін қоймаңыз.
- ▶ Мұздатқышта жарылғыш заттарды, мысалы, тез тұтанғыш газы бар аэрозольді баллондарды сақтамаңыз.
- ▶ Мұздатқыш камерасында қолданылатын тез тұтанғыш тоңазытқыш агенттерге байланысты құрылғыны орнату, өңдеу, техникалық қызмет көрсету және кәдеге жарату кезінде сақ болыңыз.
- ▶ Құрылғыны кәдеге жарату үшін уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз, өйткені оны өндіруде жанғыш көбіктендіргіш газ қолданылған.

2. ОРНАТУ ЖӘНЕ ҚОСУ

ҚАПТАМАДАН ШЫҒАРУ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


- ▶ Мұздатқыш өте ауыр. Оны жылжыту үшін кем дегенде екі адам қажет.
- ▶ Барлық қаптау материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және оларды қоршаған орта үшін қауіпсіз түрде кәдеге жаратыңыз.
- ▶ Мұздатқышты қаптамадан шығарыңыз.
- ▶ Барлық қаптау материалын алып тастаңыз.

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАҒДАЙЛАРЫ

Орынжай температурасы әрдайым 10–43°C аралығында болуы керек, себебі бұл құрылғының ішіндегі температураға және оның энергия тұтынуына әсер етуі мүмкін. Құрылғыны жылу шығаратын басқа құрылғылардың (тұмшапештер, тоңазытқыштар) жанына орнатпаңыз.

КЕҢІСТІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР


Есікті ашу үшін қажетті кеңістік (2-1 сур.):



Ені (мм)		Тереңдігі (мм)			Қабырғаға дейінгі қашықтық (мм)
W1	W2	D1	D2	D3	D4
595	955	592	1105	1215	100


Жеке тұрған құрылғы үшін: бұл мұздатқыш кіріктірілген аспап ретінде пайдалануға арналмаған.

ЖЕЛДЕТУГЕ АРНАЛҒАН САҢЫЛАУЛАР



Құрылғының жеткілікті желдетілуін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік мақсатында желдетуге арналған саңылауларға қойылатын талаптарды сақтау керек (2-2-сур.).

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТҮЗУЛЕУ




Құрылғыны тегіс және қатты бетке жайғастыру қажет. Егер құрылғы тіректің үстіне орнатылса, берік және отқа төзімді материалдарды пайдалану қажет. Ешқашан көбікті қаптаманы тірек ретінде пайдаланбаңыз.

1. Құрылғыны сәл артқа еңкейтеіңіз (2-3-сур.).
2. Аяқтарды қажетті деңгейге бұраңыз.
3. Мұздатқыштың тұрақтылығын бұрыштарды диагональ бойынша кезектесіп басу арқылы тексеруге болады. Жеңіл тербелу барлық бағытта бірдей болуы керек. Әйтпесе, корпус деформациялануы мүмкін; нәтижесінде есік тығыздағыштарының қысымы төмендейді. Егер мұздатқыш камерасын сәл артқа еңкейтсеңіз, бұл есікті жабуды жеңілдетеді.

РЕТТЕЛЕТІН АЯҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ


Егер мұздатқыш тұрақсыз болса, аяқтарды реттеңіз: оларды көтеру немесе түсіру үшін реттелетін аяқтарды көрсеткі бағытына бұраңыз (2-4-сур.):

- ▶ Аяқтарды сағат тілі бойынша бұрған кезде құрылғы көтеріледі.
- ▶ Аяқтарды сағат тіліне қарсы бұрған кезде құрылғы төмендейді.



ҚОСАР АЛДЫНДА ҰСТАУ УАҚЫТЫ

Қызмет көрсетуді талап етпейтін майлау майы компрессор қаптамасының ішінде орналасқан. Бұл май көлбеу тасымалдау кезінде түтіктер арқылы ағып кетуі мүмкін. Құрылғыны қуат көзіне қоспас бұрын майдың қаптамаға қайтуы үшін 6 сағат күту қажет (2-5 сур.).



ҚУАТ КӨЗІНЕ ҚОСЫЛУ

Әр қосылыстың алдында мынаған көз жеткізіңіз:

- ▶ қуат көзінің, розетканың және сақтандырғыштың параметрлері зауыттық тақтайшада көрсетілген талаптарға сәйкес келеді;
- ▶ розетка ұзартқыштың, тармақтағыштың бөлігі болып табылмайды және жерге тұйықталған;
- ▶ аша мен розетка бір-біріне қатаң сәйкес келеді.

Ашаны тек дұрыс орнатылған тұрмыстық розеткаға қосыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қауіпті болдырмау үшін зақымдалған қуат кабелін сервистік қызмет ауыстыруы керек.


ЕСІКТІҢ АШЫЛУ БАҒЫТЫН ӨЗГЕРТУ

Құрылғыны қуат көзіне қоспай тұрып қойылатын жер мен пайдалану ыңғайлығы талап ететін болса, есікті орнату жағын оң жағынан (үнсіз келісіммен) сол жағына ауыстыру қажеттілігін тексеріңіз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Мұздатқыш өте ауыр. Есіктің ашылу бағытын өзгертуді екеуара орындау керек.
- ▶ Кез келген әрекетті орындамас бұрын алдымен құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- ▶ Салқындату жүйесіне зақым келтірмеу үшін құрылғыны 45°-тан артық еңкейтпеңіз.



Әрекеттер тізбегі (2-6-сур.):

1. Қажетті құралды дайындаңыз.
2. Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
3. Ілгек тесігінің қақпақшасын және ілгек қақпақшасын шешіп алыңыз.
4. Қосқыш кабельді ажыратыңыз.
5. Бұрандаларды бұрап алып, ілгекті алыңыз.
6. Есіктегі қақпақты шешіп алыңыз. Есіктегі ось қақпағын алыңыз.
7. Есікті ашыңыз және шешіп алыңыз.
8. Есікті төңкеріп, есіктің төменгі жағындағы 2 бұранданы бұрап алыңыз. Есіктің төменгі жағындағы 2 бұранданы, есік шектегішін және ось қақпағын алыңыз.
9. Керек-жарақтар пакетінен есік шектегішін және жұқа ось қақпағын алып, оларды 2 бұрандамен бекітіңіз. Сонымен қатар есіктің екінші жағына да 2 бұранданы бекітіңіз.
10. Корпусты сәл артқа қарай шалқайтыңыз, 4 бұранданы шешіп алыңыз, содан кейін төменгі топсаны шешіп алыңыз.



11. Бұранданы және ось қақпағын алыңыз. Ілмек осін алып тастап, оны жанындағы саңылауға бекітіңіз.
12. Керек-жарақтар пакетінен қалың ось қақпағын алыңыз. Оны алдыңғы қадамдағы бұрандамен бекітіңіз.
13. Ілгекті қарама-қарсы жаққа 4 бұранда көмегімен бекітіңіз.
14. Есіктің қарама-қарсы жағында қосқыш кабельді шығарып, оны 5-қадамдағы ось қақпағы арқылы тартыңыз, ось қақпағын орнатыңыз. Тесіктің қақпағын қажетті жаққа орнатыңыз.
15. Есікті орнатыңыз.
16. Жоғарғы ілгекті 3 бұранда көмегімен бекітіңіз.
17. Кабельдік жалғағыштарды қосыңыз:
18. Ілгек тесігінің қақпағын және ілгектің жоғарғы сол жақ қақпағын бекітіңіз.
19. Дайын.

3. ФУНКЦИОНАЛ

МАҚСАТЫ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНУ

Құрылғы тек тұрмыстық және ұқсас мақсаттарда пайдалануға арналған:

- дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да жұмыс орындарындағы қызметкерлерге арналған асүйлерде;
- фермаларда және қонақ үйлерде, мотельдерде;
- түнеу және тамақ ұсынатын басқа да ұқсас мекемелерде;
- сондай-ақ қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыратын компанияларда.

Құрылғы азық-түлікті мұздатуға арналған. Ол тек құрғақ тұрғын орынжайларда пайдалануға арналған. Ол коммерциялық немесе өнеркәсіптік пайдалануға арналмаған. Қажет болған жағдайда құрылғыны балғын өнімдерді сақтау орны ретінде пайдалануға болады.

Құрылғының конструкциясына өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді. Мақсаттан тыс пайдалану қауіпті жағдайларға және барлық кепілдікті міндеттеменің жойылуына әкелуі мүмкін.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ




ЕСКЕРТУ:

Айырмашылықтар

Техникалық өзгерістер мен үлгілердің айырмашылығына байланысты осы нұсқаулықтағы иллюстрациялар сіздің үлгіңізден өзгеше болуы мүмкін.

Құрылғының кескіні (2-1 сур.)




- | | |
|--------------------------------|---------------------------------|
| 1. Басқару панелі | 5. Тартпа жәшіктер |
| 2. Жарықдиодты жарықтандыру | 6. Реттелетін аяқтар |
| 3. Көпағынды салқындату жүйесі | 7. Алмалы-салмалы есік сөрелері |
| 4. Шыны сөрелер | 8. Есік тұтқасы |

Осы тізімге сәйкес жиынтықтылық мен құжаттаманы тексеріңіз:


3-2




Энергиятиімділігі
жапсырмасы



Пайдалану
жөніндегі нұсқаулық



Есікті сол жаққа
орнатуға арналған
жоғарғы сол жақ ілгек




Осьтың
қақпақтары

Жоғарғы ілгектің
қақпағы

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

Басқару панелі (2-3 сур.)



Тоңазытқыш режимі

Мұздату температурасы — эко

Мұздату температурасы

Мұздату температурасы

Мұздату температурасы және супермұздату режимі

Балғындық аймағы

Балалардан бұғаттау

АЛҒАШ ПАЙДАЛАНАР АЛДЫНДА

- ▶ Қаптау материалдарының барлығын алып тастаңыз, оларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтап, қоршаған ортаға қауіпсіз жолмен кәдеге жаратыңыз.
- ▶ Құрылғының ішкі бетін, корпусын және қосымша керек-жарақтарды бейтарап жұғыш затпен суға малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, содан кейін оларды құрғатып сүртіңіз.

- ▶ Құрылғы тураланған және жуылған соң оны қуат көзіне қоспас бұрын кем дегенде 6 сағат күтіңіз. «[Орнату және қосу](#)» тарауын қараңыз. Өнімдерді жүктемес бұрын бөлімдерді жоғары температура баптауларында 2 сағат бойы алдын ала салқындатыңыз. Ол үшін температураны -20 °C немесе -24 °C етіп орнатыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ СӨНДІРУА

Құрылғы қуат көзіне қосыла салысымен жұмыс істейді.

- ▶ Мұздатқыш камерасының температурасы автоматты түрде -18 °C-қа орнатылады. Бұл мұздатылған өнімдер үшін ұсынылатын баптау және мінсіз температура. Қалаған кезде температураны қолмен өзгертуге болады. «[Температураны баптау](#)» тарауын қараңыз.

Индикаторлар (a-g) кезекпен жыпылықтайды. Дисплей есік жабылғаннан кейін 30 секунд ішінде сөнеді. Басқару панелінің бұғатталуы қосылуы мүмкін.



ЕСКЕРТУ: Алдын ала орнатулар



- ▶ Құрылғы ұсынылған -18 °C температураға алдын ала бапталған. Қалыпты қоршаған орта жағдайында температураны өзгертудің қажеті жоқ.
- ▶ Қуаттандыру көзінен ажыратылып тұрған құрылғыны іске қосқаннан кейін оңтайлы температураға қол жеткізу үшін 12 сағат уақыт қажет болуы мүмкін.

Құрылғыны өшірмес бұрын барлық өнімдерді алып шығарыңыз. Құрылғыны өшіру үшін қуат сымының ашасын розеткадан алыңыз.

КҮТУ РЕЖИМИ - КӨРСЕТУ РЕЖИМИ

Есік жабылғаннан кейін ешқандай операциялар орындалмайтын болса, дисплей 30 секунд ішінде сөнеді. Дисплей автоматты түрде бұғатталады. Ол кез келген түймені басқанда немесе есікті ашқанда автоматты түрде жанады.

ДИСПЛЕЙДІ БҰҒАТТАУ ЖӘНЕ БҰҒАТТАН ШЫҒАРУ

Автоматты бұғаттау

Белсенді емес кезде дисплей 30 секундтан кейін автоматты түрде бұғатталады.

Қолмен бұғаттау

Дисплей бұғаттаудан шешілгенде «Балалардан бұғаттау» (G) түймесін басыңыз және 3 секунд ішінде басып тұрыңыз, дыбыстық сигналдан кейін «Балалардан бұғаттау» (g) индикаторы жанады, дисплей бұғатталады. Дисплей бұғаттауда болғанда «Балалардан бұғаттау» (G) түймесін басыңыз және 3 секунд ішінде басып тұрыңыз, дыбыстық сигналдан кейін «Балалардан бұғаттау» (g) индикаторы сөнеді, дисплей бұғаттаудан шешіледі.



ЕСКЕРТУ:

Дисплейді бұғаттау

Дисплей бұғатталған кезде температураны орнату немесе супермұздату сияқты функциялар қолжетімді емес. Қандай болса да функцияны белсендіруге әрекет жасағанда бұғаттау индикаторы дисплей бұғатталғанын еске салып, 3 рет жыпылықтайтын болады.

ТЕМПЕРАТУРАНЫ БАПТАУ

Дисплей бұғаттаудан шешілгенде, температура түймелерін басып, қажетті температураны орнатуға болады, процесс дыбыстық сигналдармен сүйемелденетін болады.

«Мұздату» және «Тоңазытқыш» (4 °C) (A) режимдерінде температура айтарлықтай өзгереді және олар әртүрлі өнімдерді сақтауға арналған. Режимді өзгертпес бұрын тоңазытқыштағы өнімдер тым төмен немесе тым жоғары температурадан бұзылмайтынына көз жеткізіңіз.

МҰЗДАТУ РЕЖИМІ (-16 °C-ТАН -24 °C-ҒА ДЕЙІН) (B – E)

Дисплей бұғаты ашылған кезде температура түймелерін басу арқылы оны өзгертуге болады. Түймелердің сол жағындағы индикаторлар жанады, басқалары сөнеді. Температураны «-16°C», «-18°C», «-20°C» және «-24°C» етіп орнатуға болады.

ТОҢАЗЫТҚЫШ РЕЖИМІ (4°C) (A)

Дисплей бұғаты ашылған кезде (4 °C) (A) түймесін басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз, «4 °C» (a) индикаторы жанады, мұздатқыш тоңазытқыш режимінде жұмыс істейді. Біраз уақыттан кейін температура шамамен 4 °C мәніне орнатылады.

«СУПЕРМҰЗДАТУ» РЕЖИМІ (E)

Супермұздату режимі тағамды ұзақ уақыт сақтау үшін оңтайлы, оның көмегімен өнімдерді өте тез мұздатуға болады. Тоңазытқышқа көп мөлшерде өнімдерді салмас бұрын температураның төмендеуіне және өнімдердің тез қатып қалуына мүмкіндік беру үшін супермұздату функциясын іске қосыңыз.

Дисплей бұғаты ашылған кезде (-24 °C) (E) түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз — (b – e) индикаторлары жанады, мұздатқыш супермұздату режиміне өтеді. Супермұздату функциясын қолмен өшіру үшін жоғарыдағы әрекеттерді қайталаңыз. Егер функция қолмен сөндірілмесе, ол 50 сағаттан кейін автоматты түрде сөндіріледі.

Егер сіз бір мезгілде көп мөлшерде өнімдерді мұздатқыңыз келсе, функцияны мұздату басталмастан 24 сағат бұрын қосып қояуды ұсынамыз. Функция қолмен өшірілмесе, 50 сағаттан кейін автоматты түрде өшеді. Бұл функция қосылған кезде энергия тұтыну артады.



ЕСКЕРТУ:

«Супермұздату»

Супермұздату режимінде температураны реттеу мүмкін емес. Егер сіз мұны істеуге тырыссаңыз, мұздатқыштың супермұздату режимінде екенін көрсететін супермұздату индикаторы 3 рет жыпылықтайды.

БАЛҒЫНДЫҚ АЙМАҒЫ (F)

Мұздатқыш режимінде балғындық аймағы SHOCK FREEZE соққылы мұздату аймағы ретінде жұмыс істейді: бүкіл аймақты мұздату температурасына дейін тез салқындатуға болады.

Егер температура -16 °C немесе одан төмен болса, FresherZone (F) балғындық аймағы түймесін басыңыз — FresherZone (f) индикаторы жанады, содан кейін соққылы мұздату функциясы іске қосылады. Іске қосылғаннан кейін функциялар белгіленген

температураға жеткенде немесе 24 сағаттан кейін автоматты түрде өшеді. Қолмен өшіру үшін әрекетті қайталаңыз.

Тоңазытқыш режимінде балғындық аймағы QUICKCOOL тез салқындату аймағы ретінде жұмыс істейді: бүкіл аймақты мұздату температурасына дейін тез салқындатуға болады.

Егер температура 4 °C-қа орнатылса, FresherZone (F) балғындық аймағы түймесін басыңыз — FresherZone (f) индикаторы жанады, содан кейін FresherZone балғындық аймағы функциясы іске қосылады. Іске қосылғаннан кейін функциялар белгіленген температураға жеткенде немесе 3 сағаттан кейін автоматты түрде өшеді.

Қолмен өшіру үшін әрекетті қайталаңыз.

Мұздатқыштың температурасын тоңазытқыштың температурасына немесе керісінше ауыстырмас бұрын FresherZone балғындық аймағын өшіріңіз.

«ЭКО» РЕЖИМІ (-16 °C) (B)

Дисплей бұғаттан ашылған кезде (-16 °C) (C) түймесін басу арқылы құрылғы «Эко» режиміне өтеді. Бұл режимде электр энергиясының тұтынылуы азаяды, ал суық өнімділігі бекітілген деңгейде қалады. «Эко» режимінен шығу үшін басқа температураны белгілеңіз.

Сурет (3-4)



Мұздатқыштың әртүрлі аймақтарында олардың қасиеттеріне байланысты әр түрлі өнімдерді орналастыру керек (3-4 сур.).

Маринадталған өнімдерді, консервілер, жемістер, көкөністер, салаттар және т. б.

Жұмыртқа, консервілер, дәмдеуіштер, сусындар мен бөтелкедегі өнімдер және т. б.

Ет өнімдері, тіскебасарлар және т. б.

4 жұлдызды бөлімі жоқ салқындату режимінде: бұл құрылғы өнімдерді мұздатуға арналмаған; 4 жұлдызды бөлімі бар мұздату режимінде бұл құрылғы өнімдерді салқындатуға арналмаған.

Өнімдерді мұздатқыш камерасында -18°C-тан жоғары емес температурада олардың қасиеттеріне байланысты 2 айдан 12 айға дейін сақтауға болады (мысалы, ет: 3-12 ай, көкөністер: 6-12 ай).

Сақтау мерзімінен асып кетпеу үшін түрлі өнімдердің жарамдылық мерзіміне сәйкес орауыштағы мұздату күнін, сөренің қолданылу мерзімін және өнімдердің атауын көрсетіңіз.


ЭЛЕКТР ҚҰАТЫ СӨНДІРІЛГЕН КЕЗДЕГІ ЖАД ФУНКЦИЯСЫ

Бұл мұздатқышта қоректендіру сөндірілгенге дейінгі баптауларды жадта сақтау функциясы бар. Қоректендіру жоғалғанда және қайта іске қосылғанда мұздатқыш соңғы баптауларға қайта оралады және жұмыс істеуін жалғастырады. Балалардан бұғаттау режимі қоректендіру іске қосылғаннан кейін жойылады дисплей бұғаттаудан шешіледі.

АШЫҚ ЕСІК СИГНАЛЫН БЕРУ

Егер мұздатқыш есігін 1 минуттан артық ашық ұстап тұрсақ, аралықтары 0,5 с 3 дыбыстық сигнал беріледі. Егер есік ашық күйде қалатын болса, дыбыстық сигналдар әр 30 секунд сайын қайталанатын болады. Есік жабылған кезде немесе есік ашылғаннан кейін 7 минуттан кейін дыбыстық сигналдар тоқтайды. Дыбыстық сигнал тоқтатылады және ішіндегі жарық сөнеді.

АЛМАЛЫ-САЛМАЛЫ ЕСІК СӨРЕЛЕРІ




Есік сөрелерін тазалау кезінде шешіп алуға болады.

Сөрелі екі жағынан қолыңызбен алыңыз, оны жоғары көтеріңіз (1) және өзіңізге қарай созыңыз (2) (3-5 сур.).

Сөрелі орнына қою үшін жоғарыдағы қадамдарды кері ретпен орындаңыз.

ШЫНЫ СӨРЕЛЕР



1. Сөрелі алу үшін алдымен оның артқы жиегін көтеріңіз (1), содан кейін өзіңізге қарай тартыңыз (2) (3-6 сур.).

2. Сөрелі орнына орнату үшін оны екі жағындағы ұстағыштарға орналастырып, сөрелің артқы бөлігі камера қабырғаларындағы ойықтарға бекітілгенше тірелгенше итеріңіз.

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАР



ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАР

- ▶ Құрылғының жеткілікті желдетілгеніне көз жеткізіңіз («ОРНАТУ» тарауын қараңыз).
- ▶ Құрылғыны тікелей күн сәулесі түсетін аумаққа немесе жылу көздеріне (мысалы, пештерге, жылытқыштарға) жақын орнатпаңыз.
- ▶ Құрылғының ішіндегі температура шамадан тыс төмен болуына жол бермеңіз. Орнатылған температура неғұрлым төмен болса, энергия шығыны соғұрлым жоғары болады.

- ▶ Құрылғыға жылы азық-түлікті салмас бұрын, оларды суытып алыңыз.
- ▶ Құрылғының есігін мүмкіндігінше аз және аз уақытқа ашыңыз.
- ▶ Есік тығыздап жабылғанын және әрдайым өнімдер оның жабылуына кедергі жасамайтынын тексеріп тұрыңыз. Есік тығыздамаларының тазалығын қадағалау.
- ▶ Мұздатылған өнімдерді тоңазытқышта ерітіңіз.
- ▶ Құрылғының артқы жағын үнемі тазалаңыз. Шаң энергия шығынын арттырады.
- ▶ Анағұрлым энергия үнемдегіш конфигурацияда тартпа, тамақ өнімдеріне арналған жәшік және сөрелер зауыттық жағдайда орнатылуы керек, ал азық-түлік ауа өткізгіштің ауа шығаратын саңылауын торламауға тиіс.

4. КҮТІМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

КҮТІМ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тазалау алдында құрылғыны қуат көзінен ажырату керек.

Тазалау


Құрылғыны тазалау аз мөлшерде немесе толық өнім болмаған жағдайда жүргізілуі керек.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Құрылғыны қатты щеткалармен, сымды жуғыштармен, жуғыш ұнтақпен, бензинмен, амилацетатпен, ацетонмен және басқа да осындай органикалық ерітінділермен, қышқылдық немесе сілтілі ерітінділермен тазалауға болмайды. Құрылғыға зақым келтірмеу үшін арнайы жуғыш затпен тазалаңыз.
- ▶ Тазалау кезінде құрылғыға су шашпаңыз немесе оған су құймаңыз.
- ▶ Мұзды өткір заттармен шағуға болмайды.
- ▶ Пластикалық бөлшектерге зақым келтірмеу үшін аэрозольдерді, электр жылытқыштарды, шаш кептіргіштерді, бу тазалағыштарды және басқа жылу көздерін пайдаланбаңыз.
- ▶ Суық шыны сөрелерді ыстық сумен жууға болмайды. Температураның кенет өзгеруінен шыны шытынап кетуі мүмкін.
- ▶ Мұздатқыш камерасының ішкі бетін ұстамаңыз, әсіресе оған ылғал қолды тигізбеңіз, себебі қол мұндай бетке жабысып қалуы мүмкін.
- ▶ Егер ерітілсе немесе температура жоғарыласа, мұздатылған өнімдердің күйін тексеріңіз.
- ▶ Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Қажет болса, сервистік қызметке хабарласыңыз.

- ▶ Есіктің нығыздағыш тығыздағышын әрдайым таза ұстау қажет.
- ▶ Құрылғының іші мен корпусын бейтарап жуғыш зат қосылған жылы су ерітіндісіне малынған ысқышпен тазалаңыз (4-1 сур.).
- ▶ Жуғыш затты жуып, жұмсақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз.
- ▶ Құрылғының кез келген бөлігін ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды.
- ▶ Керек-жарақтарды тек жылы сумен және жұмсақ, бейтарап жуғыш затпен жуыңыз.



ҰЗАҚ УАҚЫТ БОЙЫ ПАЙДАЛАНБАУ

Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса:

- ▶ Тамақ өнімдерін шығарыңыз.
- ▶ Қуат кабелін розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Құрылғыны жоғарыда сипатталғандай тазалаңыз.

Ішінде жағымсыз иістердің пайда болуына жол бермеу үшін мұздатқыш камерасының есігі мен жәшіктерін ашық ұстаңыз.

Балалардың құрылғының ішінде бұғатталуын болдырмау үшін құрылғының есігін шығарыңыз (есікті ашып, бұрандаларды шығармас бұрын ұстап тұрыңыз).



ЕСКЕРТУ:

Өшіру

Құрылғының ұзақ қызмет мерзімін қамтамасыз ету үшін оны өте қажет болған жағдайда ғана өшіріңіз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖЫЛЖЫТУ

1. Барлық өнімдерді шығарып, ашаны розеткадан суырыңыз.
2. Сөрелерді және басқа жылжымалы бөліктерді мұздатқыш камерасында жабысқақ таспамен бекітіңіз.
3. Есікті жабыңыз және оны жабысқақ таспамен бекітіңіз.
4. Салқындату жүйесіне зақым келтірмеу үшін мұздатқышты 45°-тан артық еңкейтпеңіз.
5. Еденді сырып алмау үшін мұздатқыш аяқтарын орап тастаңыз. Мұздатқышты ешқашан күш салып жылжытпаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Құрылғыны тұтқаларынан ұстап көтермеңіз.
- ▶ Құрылғыны жерге ешқашан көлденең қоймаңыз.

5. КЕРІ БАЙЛАНЫС

Көптеген туындаған мәселелерді маманның қатысуынсыз дербес шешуге болады. Мәселе туындаған жағдайда, көрсетілген барлық себептерді тексеріп, сервистік қызметке жүгінгенге дейін төмендегі нұсқауларды орындаңыз. [«Клиенттерді қолдау қызметі»](#) тарауын қар.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Техникалық қызмет көрсетуді бастамас бұрын құрылғыны өшіріп, қуат кабелін электр желісінен ажыратыңыз.
- ▶ Электрлік құрылғыға қызмет көрсетуді тек білікті электриктер ғана жүргізуі керек, себебі, қате жөндеу біршама кейінгі салдарға себеп болуы мүмкін.
- ▶ Қауіпті болдырмау үшін зақымдалған жабдықты тек өндіруші, өндірушінің сервистік орталығының өкілі немесе ұқсас біліктілікке ие маман ауыстыруы керек.

Дыбыстық сигналдарды кез келген түймені басу арқылы өшіруге болады.

АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Компрессор жұмыс істемейді.	• Желілік аша розеткаға қосылмаған.	• Қуат ашасын розеткаға қосыңыз.
Құрылғы жиі қосылады немесе өте ұзақ уақыт бойы жұмыс істейді.	• Ішіндегі немесе сыртындағы температура тым жоғары.	• Бұл жағдайда құрылғының ұзақ жұмыс істеуі қалыпты саналады.
	• Құрылғы біраз уақыт бойы өшірулі болды.	• Әдетте құрылғыны толығымен салқындату үшін 8-ден 12 сағатқа дейін уақыт кетеді.
	• Құрылғының есігі тығыз жабылмаған.	• Есікті жабыңыз және құрылғының тегіс жерде орналасқанына көз жеткізіңіз, сонымен қатар есікті жапқан кезде өнімдер немесе контейнерлер кедергі жасамайтынына көз жеткізіңіз.
	• Есік тым жиі ашылып жүрді немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалып отырды.	• Есікті жиі ашпаңыз.
	• Тым төмен температура орнатылған.	• Қанағаттанарлық температураға жеткенше жоғары температураны орнатыңыз. Мұздатқыштың тұрақты температурасын қамтамасыз ету үшін 24 сағат қажет.
	• Есік тығыздағышы ластанған, тозған, жарылған немесе біркелкі орнатылмаған.	• Есіктің тығыздағышын тазалаңыз немесе сервистік қызметке хабарласып ауыстырыңыз.
	• Қажетті ауа айналымы қамтамасыз етілмеген.	• Тиісті желдетуді қамтамасыз етіңіз.
Пайдалану барысында құрылғы оған тән емес дыбыстар шығарады.	• Қабырғаларды мұз басқан.	• Мұздатқышты ерітіңіз.
	• Құрылғы тегіс емес жерде орналасқан.	• Құрылғыны туралау үшін аяқтарды реттеңіз.
	• Құрылғы жақын орналасқан қандай да бір затқа тиеді.	• Бөгде заттарды құрылғыдан алыстатыңыз.
	• Құрылғы ағаш еденге немесе ағаш қабырға қасына орнатылған.	• Ағаш дыбысты күшейтеді. Құрылғыны басқа жерге орнатыңыз.

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Құрылғы шертетін дыбыс шығарады.	• Бұл — қалыпты жағдай. Бұл мұздатқышты іске қосудан немесе сөндіруден туындаған.	• -
Ағып жатқан судың дыбысына ұқсас әлсіз дыбыс естіледі.	• Бұл — қалыпты жағдай.	• -
Компрессор жұмысының дыбысы естіледі.	• Мұздатқыш енді ғана қосылды. Бұл — қалыпты жағдай.	• -
Құрылғының ішінде температура жеткіліксіз төмен.	• Температура тым жоғары орнатылған. • Мұздатқышқа тым жылы өнімдер салынған. • Мұздатқышқа бір уақытта тым көп өнімдер салынды. • Өнімдер бір-біріне тым жақын орналастырылған. • Есік мықтап жабылмаған. • Есік тым жиі ашылып жүрді немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалып отырды.	• Температураны реттеңіз. • Өнімдерді сақтауға қоймас бұрын, оларды әрдайым суытыңыз. • Мұздатқышта тым көп өнімдерді сақтамаңыз. • Ауа ағынын қамтамасыз ету үшін өнімдер арасында бос орын қалдырыңыз. • Есікті жабыңыз. • Есікті жиі ашпаңыз.
Құрылғының ішінде температура тым төмен.	• Тым төмен температура орнатылған. • «Жылдам мұздату» функциясы белсендірілген немесе ол өте ұзақ жұмыс істейді.	• Температураны реттеңіз. • Жылдам мұздату функциясын өшіріңіз.
Құрылғы беттерінде ылғал жиналады.	• Климат тым жылы және ылғалды.	• Бұл — ылғалды климатта қалыпты жағдай. Ылғалдылық төмендегенде, конденсация азаяды. Матамен құрғатып сүртіп алыңыз.
Мұздатқыш камерасында мұз бен қырау көп.	• Өнімдер тиісті түрде қапталмаған. • Есік мықтап жабылмаған. • Есік тым жиі ашылып жүрді немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалып отырды. • Есік тығыздағышы ластанған, тозған, жарылған немесе біркелкі орнатылмаған. • Есіктің дұрыс жабылуына іштен бір нәрсе кедергі келтіреді.	• Әрқашан өнімдерді мұқият ораңыз. • Есікті жабыңыз. • Есікті жиі ашпаңыз. • Есіктің тығыздағышын тазалаңыз немесе сервистік қызметке хабарласып ауыстырыңыз. • Есікті жабу үшін ішкі сөрелерді, есік сөрелерін немесе ішкі контейнерлерді қайта реттеңіз.
Салқындату жүйесі жұмыс істемейді.	• Қуат көзінің ашасы розеткаға қосылмаған. • Қуат көзі ақаулы.	• Қуат ашасын розеткаға қосыңыз. • Орынжайға электр қуатын беруді тексеріңіз. Жергілікті электрмен жабдықтаушы компанияға қоңырау шалыңыз!
Корпустың бүйір жағы мен есік тақтасы қызады.	• Бұл — қалыпты жағдай.	• -
Дыбыстық сигнал естіледі.	• Есік ашық. • Құрылғының ішіндегі температура тым жоғары.	• Есікті жабыңыз немесе дабылды қолмен өшіріңіз.
Есік әрең ашылады.	• Мұздатқыш жұмыс істеп тұрған кезде оның ішінде вакуум пайда болады.	• Мұздатқышқа ауа кіргізу үшін тығыздаманы бұраңыз.

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Есік тығыз жабылмайды. Әрқашан алшақтық қалады.	Құрылғыдағы төмен температураға байланысты тығыздағыш оңай қатып, деформациялануы мүмкін.	- Аралық деформацияланған жерге фенді қолданыңыз немесе ыстық сүлгі басыңыз. - Тығыздағыш қайтадан жұмсақ болған кезде есікті жауып, мықтап басыңыз.

ЭЛЕКТР ҚУАТЫН БЕРУ КЕЗІНДЕГІ ҮЗІЛІСТЕР

Электр қуаты өшіп қалған жағдайда, өнімдер шамамен 18 сағат бойы кепілді түрде суық болып қала береді. Ұзақ уақыт бойы электр қуат көзін өшіру кезінде, әсіресе жазда, төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

- ▶ Есікті мүмкіндігінше сирек ашыңыз.
- ▶ Электр қуатын беруді тоқтату кезінде өнімдерді мұздатқышқа салмаңыз.
- ▶ Егер электр қуатын өшіру туралы алдын ала ескерту болса және электр қуатын беруді тоқтату ұзақтығы 15 сағаттан асса, мұз жасап, оны мұздатқыштың жоғарғы жағындағы контейнерге салыңыз.
- ▶ Тоңазытқыштағы температураның электр қуатын беруді тоқтату немесе басқа ақау кезінде көтерілуіне байланысты өнімнің жарамдылық мерзімі мен өнімдердің сапасы төмендейтін болады. Денсаулыққа қауіп төнбес үшін еріген өнімдерді тамаққа қолдану немесе пісіру керек. Қажет болған жағдайда көп ұзамай қайта мұздату қажет.



ЕСКЕРТУ:

Электр қуатын беруді тоқтатқан кезде жад функциясы

Қуат қалпына келтірілгеннен кейін құрылғы қуат өшірілмес бұрын орнатылған параметрлермен жұмысын жалғастырады.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

5

КЕРІ БАЙЛАНЫС

Бренд	Haier	
Үлгі идентификаторы	H3F - 295WAA/ H3F - 295SAA	H3F-340WAA
Модель санаты	7 (Мұздатқыш)	
Энергетикалық тиімділік класы	A+	
АЕс энергиясын тұтыну ¹ кВт•сағ/жыл	316	325
Жаңа тамақ өнімдерін сақтауға арналған бөлімнің пайдалы көлемі (л)	–	
Мұздатылған тамақ өнімдерін сақтауға арналған бөлімнің пайдалы көлемі (л)	288	334
Тоңазыту класы	***	
Жаңа піскен/мұздатылған тамақ өнімдерін сақтауға арналған бөлімнің «қырау түзусіз» жүйесінің болуы (Total No Frost)	Иә	
Мұздату қабілеті (кг/24 сағ)	21	22
Климаттық класс ²	SN, N, ST, T	
Дыбыстық қуаттың түзетілген деңгейі (анықтамалық дыбыстық қуат) (1 пВт кезіндегі дБА)	35	
Құрылым типі	бөлек тұрған	
Энергияны қауіпсіз өшіру мәні (температураның көтерілу уақыты) (сағ)	16	19

¹⁾ 24 сағат бойы жүргізілетін стандартты сынақтың нәтижелеріне негізделген. Нақты энергияны тұтыну тоңазытқыш аспаптың қалай қолданылатынына және орналасқан жеріне байланысты болады.

²⁾ Бұл құрылғы төменде көрсетілген қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған:

SN климаттық класы: құрылғы қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған	+10 °C-тан +32 °C-қа дейін
N климаттық класы: құрылғы қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған	+16 °C-тан +32 °C-қа дейін
ST климаттық класы: құрылғы қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған	+16 °C-тан +38 °C-қа дейін
T климаттық класы: құрылғы қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған	+16 °C-тан +43 °C-қа дейін

Қосымша техникалық сипаттамалар

Номиналды кернеуі/жиілігі	220-240 В айнымалы ток / 50 Гц
Номинал ток (А)	1,5
Тоңазытқыш агент	R600a
Өлшемдері (Б/Е/Т см) H3F-295WAA/295SAA	67,5/59,5/170,5
Өлшемдері (Б/Е/Т см) H3F-340WAA	67,5/59,5/190,9

KZ

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы тандауыңыз үшін алғыс білдіріп, пайдалану, орнату (монтаждау) және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтаған жағдайда бұйымдардың (тауардың) жоғары сапасы мен міндетсіз жұмыс істеуіне кепілдік береді. Тұрмыста пайдалануға арналған бұйымдарға берілетін ресми қызмет мерзімі: микротолқындар пештер, тамақ қалдықтарын ұсақтағыштар — бұйымды соңғы тұтынушыға берілген күннен бастап 5 жыл; робот-шаңсорғыштар, шаңсорғыштар — 4 жыл; кіші тұрмыстық техника, ақылды құлыптар — 3 жыл, су тазартқыштар — 2 жыл, қалған бұйымдар — 7 жыл. Бұйымдардың жоғары сапасын ескере отырып, олардың нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен едәуір асып кетуі мүмкін және ұқыпты әрі мұқият қарасаныз, олар сізге көптеген жылдар бойы қызмет етеді.

Алайда, қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы Заң негізінде дайындаушы тұтынушыға бұйымды мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенбейді және тұтынушының өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін, оның мүлкіне немесе қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін іс-шараларды жүргізуіне жауап бермейді. Дегенмен, бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін сіз бұйымға қосымша ақыға диагностикалық жұмыстарды жүргізу, кәдеге жарату жөнінде ақпарат алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіне аласыз.

Түсініспеушіліктерді болдырмау үшін сізден сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасын, тауарға кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият зерделеуді, сондай-ақ тауарды сату кезінде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар, кепілдік талон) қызмет мерзімі бойы сақтауды сұраймыз. Егер сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды (қосылуды), бұйымға қоса берілетін пайдалану құжаттамасына сәйкес мерзімді техникалық қызмет көрсетуді талап етсе, Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну қажет. Газ пайдаланатын жабдықты (бұйымды) орнатуды (қосуды) және оған мерзімді техникалық қызмет көрсетуді ұлттық заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес келетін мамандандырылған ұйым ғана жүргізеді. Механикалық, термиялық және электрлік зақымданулардың пайда болуына жол бермеу үшін бұйымға тұрақты техникалық қызмет көрсетуді пайдалану жағдайларына қарай жылына кемінде бір рет көздендірілген Авторландырылған сервистік орталыққа жүргізу ұсынылады, бұл бұйымның жоғары өнімділігін сақтауға ықпал етеді, сондай-ақ оның нақты қызмет ету мерзімін арттырады. Ластануы (шан, кір, жүн, түк) себебінен бұйымның істен шығуы кепілдік емес жағдай болып танылады және тек тұтынушының есебінен ғана жойылуы тиіс.

Бұйымға мерзімді техникалық қызмет көрсетуді Авторландырылған сервистік орталық қосымша ақыға жүргізеді.

Haier корпорациясы төменде көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда бұйымға кепілдік қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдік қызмет көрсету шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға тапсырған күннен бастап тауарға 12 ай* кепілдік мерзімін белгілейді. Кепілдікті қызмет көрсету тауарды сату кезінде оған қоса берілетін құжаттармен (тауарлық немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар, кепілдік талон) жинақталған жағдайда сәйкестендіруге мүмкіндік беретін тауарларға ғана қолданылады. Бұйымда сериялық нөмірдің болмауы (егер оны дайындаушы көздеген тауарда) оны сәйкестендіруге және сонан салдарынан оған кепілдік қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бұйымнан зауыттық сәйкестендіру таңқайша-ларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық таңқайшалардың, кепілдік пломбалардың зақымдануы немесе болмауы (егер олардың болуын дайындаушы көздеген жағдайда) кепілдік міндеттемелерін орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін. Кепілдік қызмет көрсетуді тек Haier авторландырылған сервистік орталықтары ғана жүзеге асырады. Үкілетті сервистік орталықтарының толық тізімін Haier ақпараттық орталығына мына нөмірлерге қоңырау шалу арқылы ала аласыз:

8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу) немесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе support_kz@haieronline.kz электрондық пошtasында.

Авторизацияланған сервистік орталықтарының деректері өзгеруі мүмкін, анықтау үшін Haier ақпараттық орталығына жүгініңіз.

Кепілдікті қызмет көрсету келесілердің салдарынан ақау пайда болған бұйымдарға көрсетілмейді:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау жағдайлары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды қате орнату, баптау және/немесе іске қосу;
- тоңазытқыш сұлбамен жұмыстар технологияларын және электрлік қосылаларды бұзу, сонымен қатар бұйымды монтаждауға құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ тұлғалардың тартуы;
- пайдалану бойынша құжаттама талап еткен жағдайда бұйымға уақытылы техникалық қызмет көрсетпеу;
- су құбырларының желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысымнан;
- бұл бұйым типіне жарамайтын жуғыш құралдар қолдану, сонымен қатар жуғыш құралдардың кеңес берілген мөлшерін асырудан.
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: үкілеттілігі жоқ тұлғалардың жөндеуі немесе дайындаушы рұқсат етпеген құрылымдық немесе сызбалы техни-калық өзгерістерді енгізу;
- қорек желілерінің, стандарттары мен нормаларынан ауытқығаннан;
- еңсерілмейтін күш әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатпалы оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері, оның ішінде бұйымның механикалық зақымдануы;
- бұйымның ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің, жөндіктердің тіршілік қызметі қалдықтарының түсуі;
- сымды/сымыс желісінің тұрақсыз байланысы және тұрақсыз телефон желілері, сапасыз жерге тұйықтату, сыртқы электромагниттік өрістер, тікелей күн сәулесінің әсері, жоғары ылғалдылық және діріл;
- бағдарламалық жасақтама мен вирустық (зиянды) бағдарламалық жасақтаманың үйлесімсіздігі, сондай-ақ ендірілген бағдарламалық жасақтама-ны өз бетінше түрлендіру, сондай-ақ үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын пайдалану;
- бүкіл құрылымның немесе оның бір бөлігінің істен шығуына әкелген сыртқы құрылғылардың қосылуы;
- табиғи нашарлау (ескіру), соның ішінде тіркелмелер, дискеталар, нұсқаулықтар, сондай-ақ аккумуляторлық блоктың сыйымдылығының төмендеуі;— стандартты емес және (немесе) сапасыз шығыс материалдарын, керек-жарактарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін және/немесе әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды пайдалану;

Кепілді қызмет көрсету келесі жұмыстар түрлеріне қолданылмайды:

- бұйымды пайдаланатын жерде орнату, баптау және қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқау және кеңес беруге;
- бұйымды сыртынан немесе ішінен тазартуға;
- тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде бүлінген операциялық жүйені (зауыттық «тігілмені») қайта орнату.

Төменде аталған шығын материалдары мен аксессуарларға кепілдік бойынша қызмет көрсетілмейді:

- кір және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілерге, суды жеткізу/ағызуға арналған құбыршекейтерге;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршекейтер, түтіктер, шөткелер, саптамалар, шаң жинағыштар, сүзгілер;
- микротолқындар пештерге арналған төрелкелер, істекшелер, торлар, табақшалар және қойғыштар;
- сүзгілер, иіс сіңіргіштер, шамдар, серпелер, тартпалар бұйым қойғыштар және тоңазытқыштар азық-түлік сақтауға арналған басқа ыдыстар;
- басқару пульстері, аккумулятор батареялары, қуат беру элементтері, сыртқы қуат беру блоктары және зарядтау құрылғылары, ағытпалары бар қосқыш сымдар;
- бұйымға қосымша тіркелетін құжаттама.

*Кір жуу/кеңтіру/ыдыс жуу машинасының инверторлық моторына, тоңазытқыштың инверторлық компрессорына, кептіру машинасының компрессорына кепілдік мерзімі - Тұтынушыға тауарды тапсырған күннен бастап 12 жыл, мұздатқыштардың (Haier H2F-262, H3F-285, HF-284, HF-242, HF260, HF300 модельдерінен басқа) және қорықтардың (Candy CCM (CCM251R және CCM301R үлгілерін қоспағанда), Haier HCE55xR (HCE251R және HCE301R үлгілерін қоспағанда), GTS, GTS, SD модельдерінен басқа) кепілдік мерзімі - Тұтынушыға тауарды тапсырған күннен бастап 5 жыл. Тікелей жетекті кір жуу/кеңтіру машинасының моторына (статор, ротор) өмір бойы кепілдік беріледі.)

КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ

Біз Haier компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне жүгінуге, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызда проблемалар туындаса, алдымен [«Ақауларды іздеу және жою»](#) тарауын оқып шығыңыз.

Егер мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, мыналарға хабарласыңыз:

- ресми дилеріңізге немесе
- байланыс орталығымызға:



8-800-070-01-29 — (ҚР)

- <https://haieronline.kz> сайтына, онда қызмет алуға өтінім қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің сервистік орталыққа жүгінгенде паспорт тақтайшасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындап қойыңыз:

Үлгісі

H3F-295WAA, H3F-295SAA, H3F-340WAA

Сериялық нөмірі

Сатылған күні



Сондай-ақ кепілдік және сату туралы құжаттары бар екенін тексеруді сұраймыз.



МАҢЫЗДЫ! Аспапта сериялық нөмірдің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және соның салдарынан оған кепілдік бойынша қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді.



Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.



Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін.



Өндіруші бұйымның конструкциясы мен жиынтықтамасына қосымша ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Haier

FOYDALANUVCHI QO‘LLANMASI

MUZLATGICH

MODEL

H3F-295WAA

H3F-295SAA







H3F-340WAA

ILTIMOS, QURILMANI ISHLATISHDAN OLDIN USHBU QO‘LLANMANI DIQQAT
BILAN O‘QING. KEYINCHALIK FOYDALANISH UCHUN UNI SAQLAB QO‘YING.

Haier maishiy texnikasini xarid qilganingiz uchun rahmat!

Qurilmani ishlatishdan oldin, xavfsiz va to'g'ri o'rnatish, shuningdek, kundalik foydalanish va texnik xizmat ko'rsatishni ta'minlashga yordam beradigan muhim ma'lumotlarni o'z ichiga olgan ushbu qo'llanmani diqqat bilan o'qing.

Ushbu qo'llanmani qulay joyda saqlang, shunda uni har doim qurilmadan xavfsiz va to'g'ri foydalanish uchun ishlatishingiz mumkin.



Haier

MUNDARIJA

1

EHTIYOT CHORALARI

3

Ehtiyot choralari 3

2

O'RNATISH VA ULASH

8

Qadoqdan chiqarish 8

Atrof-muhit sharoitlari 8

Joyga qo'yish talablari 8

Shamollatish uchun bo'shliqlar 8

Qurilmani tekislash 9

Sozlanadigan oyoqlardan foydalanish 9

Yoqishdan oldin kutish vaqti 9

Elektr tarmog'iga ulash 10

Eshikni ochish yo'nalishini o'zgartirish 10

3

FUNKSIONALLIK

13

Maqsadga muvofiq foydalanish 13

Qurilmaning bayoni 13

Aksessuarlar 15

Boshqaruv paneli 16

Birinchi foydalanishdan oldin 16

Qurilmani yoqish va o'chirish 17

Kutish rejimi — aks ettirish rejimi 17

Displeyni blokirovka qilish va blokirovkadan chiqarish 17

Haroratni sozlash 17

Muzlatish rejimi (–16 °C dan –24 °C gacha) (B – E) 18

Sovutgich rejimi (4°C) (A) 18

«Supermuzlatish» rejimi (E) 18

Yangilik zonasi (F) 18

«Eko» rejimi (–16 °C) (B) 19

Quvvat o'chirilganda xotira funksiyasi 19

Ochiq eshik signalizatsiyasi 19

Olinadigan eshik javonlari	19
Shisha javonlar	20
Energiyani tejash bo'yicha tavsiyalar	20

4

PARVARISH VA XIZMAT KO'RSATISH

21

Parvarish va tozalash	21
Uzoq muddat ichida foydalanmaslik	22
Qurilmani ko'chirish	22

5

FIKR-MULOHAZA

23

Nosozliklarni aniqlash va bartaraf etish	23
Elektr ta'minotidagi uzilishlar	25
Texnik xususiyatlari	26
Kafolat shartlari	27
Mijozlarni qo'llab-quvvatlash xizmati	28

1. EHTIYOT CHORALARI

EHTIYOT CHORALARI

Shartli belgilar



Umumiy ma'lumot va tavsiyalar



Diqqat! – Texnika xavfsizligi bo'yicha muhim ma'lumot



Ekologik ma'lumot

Utilizatsiya.



Mahsulot, aksessuarlar yoki hujjatlardagi ushbu belgi mahsulot xizmat muddati tugagandan so'ng boshqa maishiy chiqindilar bilan birga utilizatsiya qilinmasligi kerakligini bildiradi.

Chiqindilarni noto'g'ri utilizatsiya qilish natijasida atrof-muhitga yoki inson salomatligiga zarar yetkazmaslik uchun, iltimos, ushbu mahsulotlarni boshqa chiqindilardan ajratib olib, moddiy resurslardan oqilona foydalanish maqsadida ularni tegishli tarzda utilizatsiya qiling.



DIQQAT!

Shikastlanish yoki bo'g'ilish xavfi!

Sovutish vositalari va gazlar maxsus tarzda utilizatsiya qilinishi lozim. Utilizatsiya qilishdan oldin sovutish vositasi konturidagi quvurlar shikastlanmaganligiga ishonch hosil qiling. Qurilmani elektr tarmog'idan uring. Tarmoq kabelini kesib oling va uni utilizatsiya qiling. Bolalar va uy hayvonlari qurilma ichida qolib ketmasligi uchun eshik qulfini olqib qo'ying.

Qurilmani birinchi marta yoqishdan oldin, xavfsizlik bo'yicha quyidagi ko'rsatmalarni o'qib chiqing.



DIQQAT!

Birinchi foydalanishdan oldin

- ▶ Tashish vaqtida shikastlanmaganligiga ishonch hosil qiling.
- ▶ Barcha o'ram materiallarini olib tashlang va ularni bolalar yetolmaydigan joyda saqlang.
- ▶ O'rnatishdan oldin, sovutish vositasi konturining maksimal samaradorligini ta'minlash uchun kamida ikki soat kuting.
